

Тұрманов Жұмахан Шәукенұлы

Қызылорда облысы, Шиелі аудандық жалпы білім беретін кешкі мектептің оқу ісі меңгерушісі, қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

Жаңартылған білім мазмұны - мұғалім құзіреттілігінің қозғаушы күші

Қазіргі таңдағы ұлттық идеяға негізделген қоғам алдындағы негізгі міндет-білім жүйесін жаңартып, жас ұрпаққа сапалы білім негіздерін меңгертіп, адамзаттық құндылықтарды бойына жинақтаған тұлға қалыптастыру. Осында ізгіліктерді бойына сіңірген ұрпақ үшін қызмет ететін дүниежүзілік деңгейге жететін мектеп құру. Қазақстандық жалпы білім беру мазмұны оқушының білімді өмір құзіреттілігіне сай қолдана білу дағдысын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Білім берудің жаңа мазмұны бағдарламасы - білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады.

Қазіргі таңдағы үштілділік саясаты-оқушының өз тілінде, яғни қазақ тілінде коммуникациялық дағдыларының қалыптасуына жол ашса, ағылшын және орыс тілдерін білу-әлемдік кеңістікті тану тілдері арқылы жаңа идеяларды қолдана отырып, жаңаша оқытудың негізгі талаптарының бірі болып саналады.

Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Ұстаздар қауымы үшін де, мемлекет үшін де білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы-оның ұлттық білім жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына байланысты бағаланады. Елбасы Н.Назарбаевтың кезекті Жолдауында жас ұрпаққа сапалы

білім, саналы тәрбие беру бағытындағы білім саласына тың міндеттердің жүктелуімен қатар, ұстаздар қауымының өлшеусіз еңбегіне әділ баға беруімен ерекшеленеді. Білім саласындағы елеулі жаңартулар Елбасының қолдауымен өзіндік бағасын алып келеді. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы – әркез жарқын» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы.

Шындығында, мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны тұлға ретінде қалыптастырып, шығармашылығын шыңдауда қабілетті, жаңашыл мұғалім керек. Жаңартылған білім беру тез өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы–табысты оқытудың негізін қалайтын мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең ұғынуға болады.

Жаңартылған білім мазмұнын мемлекет әртараптандыру мақсатында педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін артыру жолдарына басты назар аударып келеді. Әлемдік стандарттарға сай жүргізілетін жаңа форматтағы біліктілік арттыру курстарын ұйымдастыру негізінде Назарбаев Зияткерлік мектептері мен «Педагогикалық шеберлік» орталықтары бірлесе отырып, жаңа заман педагогтарын кәсіби дамытудың жаңа моделін әзірлеуде.

Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра білетін, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек.

Жаңа бағдарлама мұғалімнен күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімінің өзі де жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек.

2019 жылдан бастап 10-11 сыныптардағы жаратылыстану ғылымының жекелеген пәндерін оқытуды ағылшын тіліне көшіру мәселесі - Елбасы Жолдауынан туындайтын игі бастамалардың бірі. Бәсекелестікке жауап беретін, үш тілді еркін меңгерген жастар елдің дамуына күш салады. Әрине, бұл игі шаралар халықтың әл-ауқатының жақсаруы, елдің келешегінің ізгіленуі үшін игі бастамалар екені айқын. Осыған байланысты жеке тұлғаға қойылатын талаптардың мазмұны түбегейлі өзгеруде.

Қазақстандық әрбір оқушының бойында креативтілік, белсенділік, әлеуметтік жауапкершілік, ой-өрісінің кеңдігі, жоғары кәсіби деңгейлі сауаттылық, танымдық әркетке қызығушылықтары мектеп қабырғасынан қалануы тиіс. Ал осы құндылықтарды қалыптастырушы адам - әрине, ол ұстаздар қауымы. Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі - мұғалімнің кәсіби шеберлігі.

Жаңартылған білім беру мазмұнына сай «кәсіби шеберлік» түсінігіне пәндік, дидактикалық, әдістемелік, психология-педагогикалық білім мен дағды ғана емес, педагогтің жеке тұлғалық потенциалы, кәсіби құндылықтары да жатады. ҚР-ның педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға арналған үш айлық курс бағдарламалары, арнайы оқыту курстары білім беру жүйесінде педагогтар алдына жаңа міндеттер қойып, оларға үн тастады десек те болады.

Жаңартылған білім беру мазмұнының жаңа бір сипаты – критериалды бағалауды енгізуде болып табылады. Бала күнделікті сабақ үдерісінде өзін және өз жолдастарына бағалауға қалыптаса отырып, интерпретация жасауға үйренеді. Бағалудың бұл түрі баланы шынайылыққа үйрете отырып, өзін-өзі реттей білу дағдысын қалыптастырады.

Пәндік білімдерді игеруге арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді, белсенді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын

тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу дағдыларын қалыптастырады. Оқушы күнделікті сабақ үдерісінде айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдыларын меңгере отырып, өз ой-пікірін еркін айтуға үйренеді.

Міне, жаңа бағдарламаның негізгі құндылығы да осында. Сыни ойлай алатын, белсенді, келешек жастарын тәрбиелеуде жаңартылған білім беру бағдарламасы-дамудың негізгі көзі.

Пайдалынған әдебиеттер:

1. Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар:Рухани жаңғыру» мақаласы
2. Н:Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы. 2018 жыл
3. 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамыту бағдарламасы-Астана, 2010жыл
4. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламалары. 2015 жыл.